

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

## «ҚЫСҚЫ ҚЫЗЫҒЫ»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
10.03.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/70130/>**Рахимбекова Жазира Дулатқызы****«Аягөз қаллық №5 бөбекжай-балабақша» КМ****Ашық оқу іс әрекеті****Білім беру саласы:** Әлеумет.**Бөлімі:** Экология негіздері**Тақырыбы:** «Қысқы қызығы»**Мақсаты:** балаларды қысmezгiлiндеi табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.**Міндеттері:**1. Қыс мезгілі, қар, қыстағы адамдардың еңбегі туралы түсіндіктерді қалыптастыру. Қыс айларында болатын құбылыстар туралы түсіндіру.

2. Табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау дағдыларын қалыптастыру;

3. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:****орындайды:** видео арқылы қыс мезгілі туралы берілген тапсырманы;**түсінеді:** қыс мезгілінде болатын құбылыстарды;**қолданады:** сұрақтарға толық жауап бере алу және өз ойларын жеткізе алады.**Қолданылатын көрнекі құралдар:** видео, үлестірмелі материалдар, аудио дыбысы**Сөздік жұмыс:** қар, аяз.**Билингвалды компонент:** Аппақ қар – белый снег

## ҰОҚ барысы

### 3. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар алдымен келген қонақтармен амандасып алайық.

#### Шаттық шеңбер:

Қайырлы таң алтын күн,

Қайырлы таң жер ана,

Қайырлы таң, достарым

Сендерді көріп қуанам.

### 2. Негізгі кезең

Видионы көрсетіп тұрып, қыс мезгілі туралы әңгімелейді.

#### Слайд

-Балалар айтындаршы қазір қай мезгіл?

-Дұрыс айтасыңдар. Қыс мезгілінде күн суық болады, қар жауады екен.

Кәне бәріміз терезенің ар жағында не болып жатқанын көрейік. Далаға аппақ ақ мамықтай қар жуыпты қарлар үйлерге, талдарға және жолдарға жауып қалыпты.

-Көшеде не пайда болды?

-Көшені неден тазалап жатыр?

— Ал сендер білесіңдерме қыс мезгіленде қандай ойын ойнауға болатынын?

-Мына бала қазір немен сырғанайды?

Және қыс мезгіленде шыңғы мен сырғанаған да өте қызықты және қараңдаршы мына бала не теуіп барады?

-Қандай үлкен қар кесегі, қалай ойлайсыңдар бұл не үшін керек?

-Аққалаға біз не кидіреміз?

Және қар кесегін лақтырып ойнаймыз. Қыс мезгілі өте қызықты екен күн суық болса да балалар түрлі ойын ойнайды. Шанамен сырғанайды, аққала жасайды, т.б. ойындар ойнайды.

**Билингвалды компонент:** Аппақ қар – белый снег.

Желдің, боранның даусы қосылып, залға Аяз қонаққа келеді.

Салеметсіңдерме балалар мен Аязбын. Мен сендерге қонаққа келдім. Балалар сендер қар туралы білесіңдерме? Менің қолымда не бар балалар? Қардың түсі қандай? Кәне алақандарыды ашыңдаршы деп қарды қойып шығады. Балалар қардың суық екенін айтады. Балалар қар суық, жылы жерге кірсе еріп кетеді.

**Тақтамен жұмыс:** Ал енді балалар Аяз бірге тапсырмалар орындайық.

Балаларды бір — бірден шақырып сурет бойынша тапсырмаларды орындату.

**Сергіту сәті: «Көңіл-күй»**

Балалар сергіту сәтін орындайды.

**Балалардың жұмысы:** Қардың бейнесін салу

Тапсырманы қалай орындауын түсіндіреді.

Балалар таяқшалы мақтамен қардың суретін салады.

Балалардың жұмысын көрмеге қою.

Аяз: Қандай әдемі жасағансыңдар, маған ұнады, мен енді басқа топтың балаларына барайын сау болыңдар.

3.Рефлексия

Сұрақ-жауап арқылы әдісі арқылы оқу қызметінде алған білімдері қорытындыланады.

Қардың түсі ұнадай болады екен?

Қыс мезгілінде күн қандай болады?

Қыс мезгілінде қандай ойындар болады екен?

Сендерге сабақ ұнадыма?

Ал енді балалар бәріміз «От шашу» жасайық, сендерге сабақ ұнаса бәріміз қолымызды төменнен жоғарыға қарай шапалақ ұрып сабағымызды аяқтайық. Жарайсыңдар.

Осымен оқу іс әрекетіміз аяқталды. Сау болыңыздар.